



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
БАСТАУЫ**

Юм



Юм

Беркли Дублинде өзінің эмпирикалық метафизикасын барша әлемге жария еткеннен кейін көп ұзамай Эдинбургте эмпирика принциптерін антиметафизикалық қарама-қарсы сипатта қолданатын философ пайда болды. Дэвид Юм 1711 жылы атақты шотланд әулетінің кіші тармағында дүниеге келді. Ол жастай жесір қалған анасының кенжесі болатын, сондықтан оған өмірдегі өз жолын ерте таңдауына тура келді. 12–15 жас аралығында Эдинбург университетінде әдебиет пен философияны оқыды, өзі айтқандай, екі пәнге де ғашық болды. Содан соң заңгер мамандығына дайындалуды ұйғарды, бірақ кейін бұл ойынан бас тартты, себебі, өз сөзімен айтсақ, «философия мен жалпы оқуға ұмтылыстан басқаның бәрін өте жек көріп кетті».

Соған қарамастан, Юм Бристоль қаласындағы қант фирмасында коммерциялық қызметпен айналысып көрді; бірақ клерк болып істеген төрт ай оның бизнес үшін жаралмаған адам екеніне көзін жеткізді. Ол әкесінен қалған шағын ғана мұрасын үнемдеп жұмсап, қаланың сыртында орналасқан үйде тұру аса қымбатқа түспейтін Францияға аттанды. 1734 жылдан 1737 жылға дейін ол Анжудағы Ла-Флеште өмір сүрді, бұл Декарт иезуиттер колледжінде білім алған жер еді. Колледж кітапханасын пайдалана отырып, Юм өзінің алғашқы іргелі еңбегін – «Адам табиғаты туралы трактатты» жазды.

Англияға қайта оралған ол осы туындысын жариялауда қиындыққа ұшырады, ал кітабы жарық көргенде оны қоғамның қалай қабылдағанына қарап, көңілі қалды. Юм өз өмірбаянында: «Менің трактатымдай сәтсіз әдебиет ешқашан болған емес, ол баспадан өлі күйінде шықты», – деп жазды. XVIII ғасырдағы неміс идеалистері мен XIX ғасырдағы британ идеалистері Юмнің еңбегін эмпиризмді сынау объектісі ретінде қабылдады; оны жек көрді, әйтсе де құрметпен қарады.

Британ эмпириктері XX ғасырда трактатты ағылшын тілді философияның ұлы шығармасы деп асқақтата мақтады. Әрине, Юмнің кең танымал идеялары баяндалған кейінгі еңбектері сияқты, бұл туындының ықпалы да Декарт заманынан бергі кез келген философияның шығармаларынан асып түсті. Ла-Флеш өңірі өзінің философияға қосқан үлесімен қалай мақтанса да жарасады.

Трактат үш том болып жарияланды, алғашқы екеуі («Түсіну туралы» және «Құмарлық туралы») 1739 жылы, ал «Мораль туралы» деп аталатын үшіншісі – 1740 жылы басылды. Еңбектің мақсаты бірінші басылымның басында баяндалды, ол – пайымдаудың эксперименттік әдістерін адамгершілік субъектілеріне енгізу талпынысы еді. Юм эксперименттік әдісті моральдық пәндерге қолдана отырып, өзінің психология үшін атқарған ісі Ньютонның физикаға сіңірген еңбегімен тең деп есептеді. Ол идеялардың арасындағы өзара байланыс туралы қорытынды жазып, ұсынуды жоспарлады, мұндай байланыс денелер арасындағы гравитациялық тартылыстың үлгісі бола алар еді. Метафизиктер шатастырған себеп-салдарлық байланыс және қажеттілік ұғымдарына алғаш рет айқындық енгізілетін болды. Бұл барлық ғылымдар үшін пайдалы еді: білімдер шегарасындағы шағын бекіністерді алғаннан гөрі, біз енді «осы ғылымдардың астанасына немесе орталығына, адам табиғатының өзіне тікелей тартар едік».

Трактаттың бірінші кітабы сана («қабылдау») мазмұнын жіктеуді баяндаудан басталады. Бұл Локк пен Берклидің эпистемологиясы сияқты негіздің ауқымды бөлігін қамтиды, алайда Юм қабылдауды әсерлер және идеялар деп, екі түрге бөледі. Әсерлер идеялардан мықтырақ және жарқынырақ. Әсерлер түйсіктер мен эмоцияларды қамтиды, ал идеялар – ойлауға және пайымдауға байланысты қабылдау түрлері. Юм ес идеясы мен елестету идеясын және олардың арасындағы байланысты егжей-тегжейлі қарастырады. Ол Локктың абстрактілі идеяларына қатысты Берклидің сынын мақұлдап, оны күшейте түседі.

Кеңістік және уақыт идеяларына арналған екінші тараудан кейін Юм «Білім және ықтималдық» бөлімінде өзінің ең қайталанбас және ықпалды ойларын ұсынады. «Сезімге тікелей әсер ететін шеңберден асып кететін барлық білім, – деп тұжырымдайды Юм, – себеп және салдар ұғымдарына байланысты». Дәл осы идеялар арқылы біз өткенде не болғанын білеміз және болашақта не болатынын болжаймыз. Сондықтан біз осы идеялардың шығу тегін мұқият зерттеуіміз қажет.

Юмнің пікірінше, себеп-салдарлық байланыстар объектіге тән қандай да бір қасиеттен туындай алмайды, өйткені себептер мен салдарлар әрқилы түрлердің объектілері бола алады.



Оның орнына объектілер арасындағы байланыстарды іздеуіміз қажет; біз себептер мен салдарлар үзіліссіз, бірінен соң бірі жүруі тиіс және себептер салдарларға дейін болуы қажет деп санаймыз. Сондай-ақ егер екі түрдің объектілері тұрақты байланыста екенін көрмесек, екі объектіні себеп пен салдар деп жариялау үшін үзіліссіздік пен бірізділік аздық етеді. Бұл жеткіліксіз: біз себептің белгілі бір әсері туралы қорытынды жасағымыз келсе, себеп пен салдардың арасында қажетті байланыс болуы тиіс деп есептейміз.

Шебер пайымдауға толы талай парақтан кейін Юм бізді таңғаларлық қорытындыға алып келеді: қорытындымыз себеп пен салдардың арасындағы қажетті байланысқа тәуелді емес, керісінше, қажетті байланыс біздің қорытындыға тәуелді. Қажетті байланысқа сеніміміз – пайымдау мәселесі емес, әдет; бізді қарама-қарсы доктринадан бас тартқызу үшін Юм ақыл мен сенімнің өзара байланысының өзіндік сараптамасын ұсынады. Ол таным туралы кітабында өзінің жаңа скептицизмін баяндайды, оны скептицизмнің басқа, ежелгі және қазіргі заманғы нұсқалары аясында қарастырады. Тарау Юм философтар ойлап тапқан «Меннің» бар екенін терістейтін әйгілі бөліммен тәмамдалады.

Философ трактаттың екінші кітабын құмарлық пен эмоцияға арнай отырып, Декарт пен Спинозаның ізімен жүрді. Алайда осы тақырып аталған рационалист ойшылдармен салыстырғанда Юм үшін әлдеқайда маңызды еді, себебі әлгілер сананың қызметі деп қарастырған көп әрекетті оның философиясы құмарлыққа тән әрекет деп тұжырады. Себепті қорытынды – олардың ең мықты мысалы ғана.

«Құмарлық, – дейді Юм, – әсерлердің ерекше түрі». Қабылдауды әсерлер мен идеяларға бөле отырып, ол аса ерекше және екінші дәрежелі әсерлер деп тағы бір жіктеу жасайды: сезімдік әсер, физикалық ауырсыну мен рақат – аса ерекше әсерлер, ал екінші дәрежелі әсерлер – кітаптың негізгі тақырыбы болған құмарлықтар. Тәкаппарлық пен бойсұну, махаббат пен өшпенділік секілді нақты құмарлықтар қисынсыздау түрде егжей-тегжейлі талқыланады.

Кітаптың ең таңғаларлық қорытындысы – құмарлық пен ақыл-ой арасындағы көп талқыланған жанжалдың метафизикалық миф екені туралы тұжырым. Ақыл-ойдың өзі әрекет жасауға еш қабілетсіз екенін айттық: саналы түрде, өз еркімен жасалған әрекеттерді құмарлық басқарады. Ақыл-ой құмарлықты ешқашан жеңе алмайды, тек қарама-қарсы құштарлық қана жеңе алады. Бұл тезис бізді алаңдатпауы тиіс: «ақыл-ой – құмарлықтың құлы ғана және солай болуы тиіс, оларға қызмет етіп, бағынудан басқа ештеңеге үміттене де алмайды».

Екінші кітаптың соңына таман Юмнің этикалық жүйесі дәстүрлі мораль философиясының кез келгенінен айрықша екені мәлім болады. Ақыл-ой бізді әрекет етуге мәжбүрлей алмайтындықтан, моральдық пайымдар ақыл-ойдың нәтижесі бола алмайды, себебі ондай пайымдардың бар мақсаты – біздің мінез-құлқымызды бағыттап отыру. Ақыл-ой не идеялардың қатынастарына, не фактілерге байланысты, алайда олардың ешқайсысы іс-әрекетке ұласпайды. Іс-әрекетті тек құмарлық қана жасай алады, ақыл-ой біздің құмарлықтарымызды туындата да, бағалай да алмайды. «Саусағымның тырналмауын бүкіл әлемнің күйреуінен жоғары қоюым – қисынға қайшы келмейді». Ақыл-ойдың қолынан келетіні – құмарлықты және оған жетудің ең жақсы әдістерін іздеуші объектілердің мүмкіндігін анықтау. Юм ақыл-ой мен құмарлық туралы ескертпелерін мына әйгілі сөздермен аяқтайды:

«Мен осыған дейін кездестірген мораль жүйесінің бәрінде де автордың кей уақ пайымдаудың қарапайым үрдісіне көшіп, Құдайдың бар екенін дәлелдейтінін немесе адамның іс-әрекетіне ескертпелер жасайтынын байқадым. Алайда әдеттегідей «бар» және «жоқ» деген пікірлер жиынтығының орнына, осылай болуы тиіс немесе болмауы тиіс деген болжамдар да аяқастынан пайда бола қалады. Бұл өзгеріс байқала бермейді; бірақ оның түпкілікті салдары бар».

«Болуы тиіс» «нақты өмір сүріп, бар болып отырғаннан» туындамайды: біз «ізгілік пен зұлымдықтың, дұрыс пен бұрыстың арасындағы айырмашылық ақыл-ойдың емес, моральдық сезімнің жемісі саналады» деген қорытынды жасауымыз қажет.

Осы пікірге сүйене отырып, Юм кітабының екінші тарауында әділдік пен әділетсіздікті, ал үшіншісінде ақпейілділік пен парасаттылықты талқылауды жалғастырады. Ол моральдық айырмашылықтардың негізгі бастауы – басқаларды ұнатып, жанашырлық таныту сезімі деген қорытындыға келеді. Әділеттілік мақұлданып, бекітіледі, себебі ол қоғамдық игілікке ұмтылады; ал қоғамдық игілік, ондағы жанашырлық өзімізді қызықтырған жағдайларда ғана



болмаса, бізге тәуелді емес. «Ізгілік мақсатқа жету құралы ретінде қарастырылады. Құралдар соңғы мақсатқа жеткенше ғана құнды. Алайда бөтен адамдардың бақыты бізге мейірімділік, жанашырлық сезімі арқылы ғана әсер етеді».

«Адам табиғаты туралы трактат» жиырма жастағы адам үшін керемет жетістік еді, сондықтан осы еңбегін қоғамның онша жақсы қабыл алмағанына Юмнің көңілі толмауы түсінікті. Ол алғашқы күйзелісінен айығып, кітаптың кемшілігі оның мазмұнында емес, көпшілікке дұрыс таныстырылмауында деп шешті. Соған орай, ол 1740 жылы осы еңбек туралы, әсіресе оның себептілік теориясы жайындағы қысқаша тезисті лақап атпен жариялады. Лақап атпен жарық көріп, жақсы қабылданған келесі екі томнан – «Моральдық және саяси очерктерден» кейін ол трактат мазмұнының басым бөлігін көпшілікке ұғынықты етіп қайта жазып шықты. Бірінші томға сәйкес келетін «Адам түсінігі туралы зерттеулер» 1748 жылы сәл басқаша атаумен және 1750 жылы соңғы басылымда жарық көрді. Бұл нұсқаға бұрын қарастырылған кеңістік пен уақыт енгізілмеді, алайда ғажайыптар туралы тарау қосылды, оның мазмұны Киелі кітаптың ескішіл оқырмандарының намысына тиді. Сонымен қатар, Юм 1751 жылы «Мораль принциптері туралы зерттеу» атты еңбегін жариялады, ол трактаттың үшінші тарауының қысқартылған және қайта қарастырылған нұсқасы еді.

1745 жылы Юм Эдинбургте профессор лауазымын алуға өтініш берді. Онысы сәтсіз аяқталды, алайда Юм жас маркиз Аннандейлдің тәлімгері қызметіне орналасты. Әрі қарай ол өзінің алыс ағайындарының бірі – генерал Сент-Клердің қарамағында болып, Австрия тағы үшін соғыста Бретань теңіз экспедициясында қызмет етті. Осы соғыстың соңына таман, 1747 жылы генеральдың Вена мен Туриндегі дипломатиялық миссиясына қатысты. Ақыр аяғында ол ас та төк дәулеттің дәмін татты: «1000 фунт стерлинг қор жинадым» деп мақтанатын оны бір замандасы «Тасбақа жұтқан төре» деп суреттеді. 1751 жылы ол адвокаттар факультетінің кітапханашысы қызметіне орналасты және әпкесі екеуі қаладан үй салып алды.

1750 жылдары Юмнің философиялық шығармалары жақсы сатыла бастап, едәуір даңққа, ең аз дегенде, танымалдыққа ие болды. «Әулиелер мен дінбасылардың жауаптары жылына екі-үш рет шығатын» дейді ол. Сөйтіп, оның жұмысы жаңа қарқын алды. 1754–761 жылдар аралығында ол Англияның алты томдық тарихын жазып шықты, оның мазмұнынан Тори партиясының ұстанымы қатты сезілетін. Көзі тірі кезінде ол философ ретінде емес, тарихшы ретінде көбірек танылды.

1763 жылы, жеті жылдық соғыстан соң Юм Британияның Париждегі елшілігінің хатшысы міндетін атқарды, ал бір елші мен екінші елші қызметінің арасындағы алты айда істер бойынша сенімді өкіл болды. Ол Дидро, Даламбер сияқты философтармен араласып, графиня де Буффлермен әдемі көңіл жарастырған бұл топты ең жағымды орта деп сүйсінді. Графинямен байланысын өзі Британияға оралғаннан кейін де махаббатқа толы хаттары арқылы жалғастырды. Ол Лондонға өзімен бірге швейцариялық философ, континентте құдаланудан қауіптеніп жүрген Жан-Жак Руссоны ала келді. Руссоның қиын мінезі Юмнің оны қорғағысы келген ізгі ниетіне, достық ықыласына қарама-қайшы келіп отырды, сол себепті екі философ 1767 жылы әбден жария болған жанжалдан кейін бір-бірімен қош айтысты. Юмнің мемлекеттік қызметтегі мансабы герцог Графтон әкімшілігінің солтүстік бөлімшесі хатшысының орынбасары болып екі жыл – 1767 жылдан 1769 жылға дейін – жұмыс істеуімен аяқталды. Ол Эдинбургке кетіп, сол жерде 1776 жылы дүниеден өткенше өмір сүрді. Юм біршама уақыт табиғи дін туралы сұхбаттар жиынтығын қайта қарастырды, оның нәтижесі философ дүниеден өткен соң, 1779 жылы жарық көрді. Юмнің сырқатының соңғы кезін егжей-тегжейлі жазған Джеймс Босуэллдың өкінішпен айтуына қарағанда, Юм діннің жұбатуынан бас тартып, тыптыныш көз жұмды. Ол қысқаша өмірбаянын қалдырды, оны 1777 жылы досы, экономист Адам Смит жариялады. Смиттің өзі Юм туралы: «Жалпы алғанда, мен оны әрқашан – көзінің тірісінде де, өмірден өткен соң да, мінсіз данышпан және ізгі адам идеясына әбден жақын тұлға ретінде құрметтедім», – деп жазған еді.

Ежелгі дүниедегі Сократ сияқты, Спиноза да адамның жаман істерінің бәрінің негізінде надандық жатыр деп есептейді: теріс мінез, ақыр соңында, ақыл-ойдың жетіспеушілігінен пайда болады. Юмнің көзқарасы осы пікірге қарама-қарсы: оның ойынша, дұрыс пен бұрыстың, ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы айырмашылыққа ақыл-ойдың еш қатысы жоқ. Ақыл-ойды жалғыз қызметі – біздің құмарлықтарымыз алдымызға қойған мақсаттарға



жетуімізге көмектесу. Мақсаттарымызды бағалау ісінде ақыл-ойға орын жоқ. «Менің саусағымның жырылып кетуін бүкіл әлемнен жоғары қою – қисынды ақылға қарсы келмейді. Бұл өзімнің толық күйремеуіме ұмтылуымды үндістің немесе маған мүлдем бейтаныс адамның мазасыздануынан жоғары қоюға қайшы келмейді». Ақыл-ой құмарлықты бағалай да, қадағалай да алмайды; құмарлықты тек басқа, одан күштірек құмарлық қана жеңе алады. Онда неге адамдар, олардың арасында философтар да бар, ақыл-ой мен құмарлықтың арасындағы жанжал туралы соншама көп әңгіме етеді? Юмнің пікірінше, олар нәзік, зорлықсыз құмарлықтың шын мәнінде не екені туралы мәселеде қателеседі:

Тұрақты да тыныш құмарлықтар мен ұмтылыстар бар, олар нағыз құмарлықтар болып саналады, ақылда эмоция туғызбайды және тікелей әсерлері немесе түйсіктерінен гөрі салдарлары арқылы көбірек ұғынылады. Мұндай құмарлықтардың екі түрі бар: мейірімділік пен жеккөрушілік, өмірге және балаларға деген махаббат сияқты біздің табиғатымызда әуелден қаланған инстинктер; немесе осындай болып саналатын ізгілікке құмарлық және зұлымдықты жек көру. Бұл құмарлықтардың қайсыбірі тыныштық күйде болып, жанды мазаламаса, оларды ақыл тудырған деп қабылдауға дайынбыз.

Моральдық пікірлер – осындай тыныш құмарлықтар: олар идеялар емес, әсерлер. Мораль – бағалаудан дұрысырақ деп есептеледі. Ізгілік бізге рақат, ал зұлымдық азап береді. «Іс-әрекет немесе көңіл күй немесе мінез – ізгілік пе, әлде зұлымдық па? Неге? Себебі пікір белгілі бір рақат немесе мазалану туындатады. Бірақ, әрине, бізге ләззат беретін әрбір әрекет, адам, немесе, зат ізгілікті деуге болмайды: шарап, әйел немесе ән жақсы болуы мүмкін, алайда, олар беретін ләззат – моральдық тұрғыдан қарастырғанда, ерекше рақат емес. Сонда, жағымды моральдық пікірмен байланысты ерекше рақаттың белгілері қандай? Юм олардың екеуін ұсынады: ол пайда көруге негізделмеген және апробацияны қамтитын болуы тиіс. Олар моральдық пікірдің эстетикалық пікірден айырмашылығын көрсетуге жеткіліксіз сияқты болып көрінеді. Әрине, моральды жәй ғана түрде, талғам мәселесі деп түсінбесек, біз бірін екіншісінен айырып қарастыруымыз керек.

Юм моральдық пікірді жіктеуге жеткілікті болатын қандай да бір жалпы критерий ұсынбайды, бірақ индивидуал ізгіліктерді зерттеуге кіріседі. Олардың маңызды екеуі – мейірімділік пен әділеттілік. Мейірімділік бәрімізді тәнті етеді: біз азаптардан құтқарып, азап шеккендерді жұбататын, тіпті бейтаныс адамдарға кеңпейілділік танытатындарды құрмет тұтамыз. Бірақ, табиғи күйде біз өз жақындарымызға ғана мейірімдіміз. «Адамның ақылында жеке сапалардан, қызмет етуден немесе өзіне қатынастан тәуелсіз, өзімен өзі өмір сүретін, адамзат махаббаты деп аталатын құмарлық жоқ». Осылайша, мейірімділік өздігінен алғанда әділеттіліктің, тіпті бейтаныс адамдар мен жауларымызға парызымызды өтеу міндетінің негізі бола алмайды. Біз «әділеттілік – табиғи ізгілік емес, жасанды ізгілік» деген қорытынды жасауға тиіспіз.

Адамдар қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, бірақ қоғамда әлеуметтік ережелер, атап айтсақ, меншік құқы сақталмаса, мұндай қоғамды тұрақсыздық жайлайды. Бізге конвенция қажет, оған өздерінің жолы болғыштығы мен еңбекқорлығының арқасында жинаған мүліктерін қорғау мақсатында қоғамның барлық мүшелері кіретін болады. Сондықтан әділ сот пайдалылық пен кең мағынасында түсінілетін жеке мүдделерге негізделген:

Бөтен мүлікке қатысты мәселеде өзіміздің және жақын достарымыздың мүдделерінен бас тартудың орнына біз осындай конвенцияның көмегіне жүгіне аламыз, себебі екі жақтың да мүддесін одан артық шешетін ештеңе жоқ; сондықтан, олардың да, біздің де аман-есен өмір сүруіміз үшін соншалықты қажет қоғамды дәл осы түрде қолдаймыз.

Пайдалылықты көздеп жасалған конвенцияға негізделгендіктен ғана әділеттілік «жасанды ізгілік» болып саналады.

Момындық, мейірімділік немесе жомарттық сияқты табиғи ізгіліктер пайдалылыққа негізделмеген, бірақ адам табиғатының іргелірек ерекшелігінен – жанашырлықтан туындайды. Әрбір адамның құмарлықтары басқа адамдарда бейнеленеді, себебі сезімнің қылдары бір-бірімен үндеседі. Табиғи және жасанды ізгіліктердің арасындағы айырмашылық мынада: мейірімділіктің жекелеген көріністері пайда әкеледі, ал әділ соттың бүкіл жүйесі ғана бақытқа жетуге ықпал етеді. «Соттар байларға беру үшін кедейлерден алады; олар азғын адамға еңбекқор адамның тер төгіп тапқан табысын сыйға тартады; сондықтан, осындай еңбектің нәтижесін залымның алақанына салу – адамның өзіне де, басқаларға да зиян. Алайда заң мен әділеттіліктің бүкіл жүйесі қоғамға пайдалы. «Қоғамға дәл осы тиімділігі үшін біз әділеттілікті



құрметтейміз, алайда, әділеттілік – мақсатқа жету құралы ғана.

Мақсатқа жету құралы мақсат жағымды болғанда ғана жағымды болады; сондықтан, өзіміздің немесе достарымыздың мүдделеріне тиіспейтін қоғамдық игілік ретінде жанашырлық қана көңілге қонады: осыдан шығатыны, жанашырлық – біз бүкіл жасанды ізгіліктерге көрсететін құрметіміздің бастауы.

Екінші зерттеуіне қосымшада Юм «мейірімділік – өзін сүюдің жасырын формасы ғана» дегендерге қарсы жауап беруге біршама күш жұмсады. Тіпті жануарлардан да риясыз мейірімділікті байқаймыз; олай болса, адами мейірімділіктің, достық пен ана махаббатының шынайылығына күмәндануымыз керек? Осылайша, ұзақ уақыт өмір сүрген эудомонизм философиялық дәстүрін – «адамның іс-әрекеттерінің ақырғы мақсаты – бақытқа жету» деген тезисті теріске шығара отырып, Юм өзінің отандасы Данс Скотустың ізімен жүргенін өзі де байқамай қалды. Алайда Скотус өзін сүюден тәуелсіз табиғи себеп – әділ сотқа махаббат деп есептеген болса, Юм жанашырлық себебі адам табиғатынан тереңірек орын тепкен деп тұжырымдады.

Кант этиканың мүлдем басқаша жүйесін ұсынса да, Юмнің эудомонизмнен бас тартуымен келісті. «Бақыт, – дейді ол, «Мораль метафизикасының негіздері» еңбегінде, – моральдың ақырғы мақсаты бола алмайды».

Ақыл-ой мен ерікке ие адамға табиғат жүктеген ақиқат мақсат – оның амандығы, игілігі немесе бір сөзбен айтқанда, бақыты деп болжамдап қарайық. Бұл жағдайда табиғат осы мақсатты іске асыру үшін ақыл-ойды таңдап, өте жаман тұстан соққы берген болар еді. Ол осы мақсат бойынша орындауға тиісті іс-әрекеттер мен оның мінез-құлық ережелерін инстинкт әлдеқайда дәлірек белгілеп берер еді; және біз сөз етіп отырған ақырғы мақсаттың сақталуы ақыл-ойдан гөрі инстинктте сенімдірек болар еді.